

**Сермухамедова Ольга Владимировнаның**  
**6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы**  
мамандығы бойынша филисофия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін  
**«Түркістандық шүйгіншөп (*Valeriana turkestanica* Sumn.), түркістандық сасықшөп (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian) экстрактілерін алудың әдістемелік аспектілері және олардың негізінде дәрілік қалыптар жасау»** тақырыбындағы диссертациясының  
**АННОТАЦИЯСЫ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Қазіргі таңда жаңа импорталмастыруши дәрілік заттар, соның ішінде өсімдік текті дәрілік препараттар жасау фармацевтикалық саланың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Шетелдік, қымбат дәрілік препараттардың Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығындағы айтарлықтай үлесі бұл мәселенің өзектілігіне себепші болып отыр. Импорталмастыруши бәсекеге қабілетті дәрілік заттарды жасау және енгізу бір жағынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2017-2021 ж. Стратегиялық жоспарының сәтті жүзеге асуына септігін тигізсе, бір жағынан елдің дәрілік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республиканың денсаулық сақтау саласының дәрілік препараттар импортына тәуелділігін жоспарлы түрде төмендеуін қамтамасыз ету мақсатында өз шикізат ресурстарын толық пайдалану, өсімдік шикізаттарынан халықаралық GMP стандарттарына сай жаңа фармацевтикалық субстанциялар мен дәрілік препараттар жасау қарастырылған.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісін дамытудың 2016-2019 ж. арналған «Денсаулық» Мемлекеттік Бағдарламасын жүзеге асуру аясында дәрілік қамтамасыз ету Ұлттық саясатын жүзеге асуру, халыққа дәрілік көмек сапасы мен қолжетімділігін арттыру мәселесі мемлекеттік басымдылық статусына ие болды.

Медицинаға отандық препараттарды, соның ішінде өсімдік текті препараттарды енгізу халықты дәрілік қамтамасыз етуді жетілдіру, әр түрлі аурулардың алдын алу мен емдеудегі денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерін шешуге, яғни елдегі демографиялық ахуалдың жақсаруына алып келеді.

Фитохимиялық өндірістің тұрақты шикізат базасын қамтамасыз ету мен дәрілік өсімдік шикізатының тұрақты сапасын қамтамасыз ету мақсатында дәрілік өсімдіктер мәдениетіне GACP «Өсімдік текті бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті тәжрибесі» талаптарын енгізу қажет.

Бұл тұрғыдан Қазақстан шекарасында өсетін, биологиялық белсенді заттардың бағалы көзі болып табылатын, халық медицинасында жүрек-қантамыр ауруларында және седативті зат ретінде кеңінен қолданылатын түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп ерекше назар аударады.

Өсімдік шикізаты көздерінің номенклатуrasesын кеңейту, халықаралық GACP мен GMP тиісті тәжрибелерін енгізу аясында толық циклды өндірісті енгізу арқылы фитосубстанциялар мен препараттарды жасау дәрілік препараттардың сапасын арттыруды қамтамасыз етеді, бәсекеге қабілеттілігін

арттырады және отандық өндірушілерге Еуразиялық экономикалық серіктестік аясында сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу мақсаты:** түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстрактілерін алу технологиясын тәжрибелік-теориялық негіздеу және олардың негізінде фармакопеялық сапаға ие дәрілік қалыптар жасау.

### **Зерттеу міндеттері:**

- Қазақстан Республикасындағы сасықшөп пен шүйгіншөп препараттарының фармацевтикалық нарығына маркетингтік талдау жасау

- түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөпті GACP «Өсімдік текті бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті тәжрибесі» талаптары аясында өсіру, жинау мен сақтау метологиясын жасау

- зерттелетін дәрілік өсімдіктердің фармакогностикалық және фармако-технологиялық параметрлерін зерттеу және стандартизациясын жасау

- экстракттардың тиімді технологиясын жасау және оларды алу әдіstemесінің алгоритмін құрастыру

- түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстрактілері сапасының фармакопеялық критерийлерін жасау және стандартизациялау

- түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстрактілерінің өткір және жеделдеу уыттылығын зерттеу

- «СЕДОКАПС» шартты атауымен капсулаларды фармацевтикалық жасау және техника-экономикалық негіздеу

**Зерттеу объектілері:** Зерттеу объектілері - түркістандық сасықшөп шөбі (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian), түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтары (*Valeriana turkestanica* Sumn.), түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстрактілері мен «СЕДОКАПС» шартты атаулы капсулалар.

**Зерттеу әдістері:** Стандартты физикалық, физика-химиялық, фармакогностикалық, фармако-технологиялық, фармакологиялық, биологиялық, статистикалық фармакопеялық және фармакопеялық емес әдістер.

### **Ғылыми жаңалығы**

Алғаш рет:

- түркістандық сасықшөп шөбі (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian) мен түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтары (*Valeriana turkestanica* Sumn.) шикізатының фармакогностикалық талдамасы жасалды. Макроскопиялық және микроскопиялық белгілері анықталды. Түркістандық сасықшөп шикізатының фитихимиялық зерттеуі нәтижесінде 16 қосылыс табылып, идентификацияланды: лавандулифолизид, вербаскозид, 3-О-кемпферол рутинозид қосылыстары алғаш рет анықталған. Түркістандық шүйгіншөптің жер асты бөліктерін дәрілік шүйгіншөппен салыстырмалы түрде фитохимиялық талдау нәтижесінде түркістандық шүйгіншөп құрамындағы ацетоксивалерен қышқылының мөлшері дәрілік шүйгіншөп құрамындағы мөлшерінен үш есе көп екені анықталды.

- фармакопеялық сапаға ие түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстрактілерін алудың тиімді технологиясы жасалды. Зерттеу

жаңалығы № 1763 «Түркістандық шүйгіншөптен экстракт алу өдісі», Қазақстан Республикасы тиімді модельдердің Мемлекеттік реестрінде 04.10.2016 ж. тіркелген тиімді модельге патентімен дәлелденген.

- түркістандық шүйгіншөп, түркістандық сасықшөп пен зизифора Бунге экстрактілері негізінде «СЕДОКАПС» шартты атауымен седативті өсер ететін дәрілік препарат фармацевтикалық жасалды. Зерттеу жаңалығы 28.04.2017 ж. № 2017/0363.1 өнертабысқа патент алуға өтінішпен дәлелденді.

Алғаш рет GxP концепциясы негізінде түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп шикізатын дайындаудан дайын өнім алуға дейінгі толық циклді өндірісінің әдіstemесі жасалды.

### **Диссертациялық зерттеудің қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар**

- фармацевтикалық нарық талдамасы мен седативті өсер ететін жаңа ДЗ өндірісінің негіздемесі

- ҚР МФ талаптарына сай түркістандық сасықшөп шөбі мен түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабактарын өсіру, дайындау, сақтау мен стандартизациялау технологиясы

- фармакопеялық сапаға ие экстракттар алу әдіstemесі

- «СЕДОКАПС» шартты атауға ие капсулаларды фармацевтикалық жасау және өндірісінің техника-экономикалық негіздемесін жасау.

### **Зерттеудің тәжрибелік маңызы**

«ФитОлеум» ЖШС, Есік қ., Қазақстан Республикасы фармацевтикалық зауытында шикізатты өсіруден (қалпына келтірілетін жеке шикізат базасы жасалды) дайын өнімге дейінгі толық циклды өндірісі енгізілді, енгізу акті № 7 от 25.12.2017 г.:

- отандық фармацевтикалық кәсіпорындарға өсімдік текті бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті тәжрибесін енгізу әдіstemесі мен жалпы тәсілдемесі жасалды.

- өсімдік текті бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті тәжрибесі (GACP) талаптарына сай мәдениетке түркістандық сасықшөп (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian) пен түркістандық шүйгіншөп (*Valeriana turkestanica* Sumn) енгізілді, енгізу акті № 1, 17.05.2015 г.

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеудін өтті – «Түркістандық сасықшөп шөбі», Тіркеу куәлігі РК-ЛС-5 № 022301, мемлекеттік тіркеу мерзімі 29.07.2016 ж., 29.07.2021 ж. дейін жарамды.

- түркістандық шүйгіншөпті (*Valeriana turkestanica* Sumn) енгізу арқылы шүйгіншөптің фармакопеялық түрлері номенклатурасы кеійтілді.

- «ФитОлеум» ЖШС, Есік қ., Қазақстан Республикасы өндірісіне – түркістандық сасықшөп экстрактін алу технологиясы, енгізу акті № 3, 30.10.2015 ж. және түркістандық сасықшөп экстрактін алу технологиясы енгізілді, енгізу акті № 4, 11.11.2015 ж.

«ХФЗ «Красная звезда» КАҚ (Харьков, Украина) фармацевтикалық зауытында «СЕДОКАПС» шартты атауы бар капсулаларды алу технологиясы мен сапасын бақылау әдіstemелері сыналды, сынау акті № б/н, 19.04.2017 ж.

## **Жұмыс аprobациясы**

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері келесі материалдарда баяндалды және жарияланды: «Иновации в здоровье нации» халықаралық қатысумен II ЖалпыРесейлік ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Санкт-Петербург қ. 2014 ж.); «Фармацевтическое образование, наука и производство - ориентир на стратегию «Казахстан-2020» халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Шымкент қ. 2014 ж.); «Стратегия «Казахстан-2050»: к университету международного уровня» халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясы аясындағы «Интеграция фармацевтической науки, образования и практики на современном этапе» III халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Алматы қ., 2014 ж.); «Pharmacy today and tomorrow – Theory and Practice» халықаралық конференциясы (Люблин қ., Польша 2015 ж.); «Иновации в здоровье нации» халықаралық қатысумен өтетін III ЖалпыРесей ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Санкт-Петербург қ., 2015 ж.); «Актуальные вопросы образования, науки и производства в фармации» халықаралық қатысумен өтетін Республикалық ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Ташкент қ., 2015 ж.); «Иновационные достижения в современной фармации и медицине» халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Шымкент қ., 2016 ж.); «Chromatography of natural products» X халықаралық симпозиум (Люблин қ., Польша 2016 ж.), «Drug Discovery & Designing» II халықаралық конференциялар мен көрмелер (Рим қ., Италия 2016 ж.); «Современная медицина: актуальные проблемы, пути решения и перспективы развития» халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясы (Одесса қ., Украина, 2017 ж.)

## **Жарияланымдар туралы ақпарат**

Зерттеу нәтижелері бойынша 32 ғылыми жұмыстар жарияланған, соның ішінде:

- Scopus пен Web of Science Core Collection мәліметтер базасына кіretін халықаралық журналдардағы мақалалар – 3;
- ҚР Білім және ғылым Министрлігі білім мен ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдардағы мақалалар – 11;
- халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциялардағы тезистер (Польша, Италия, Ресей, Қазақстан) – 11;
- халықаралық журнaldарда мақалалар (Ұлыбритания, Ресей, Украина, Өзбекстан) – 5
- тиімді модельге патент – 1;
- өнертабысқа патент алуға өтініш – 1.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Диссертациялық жұмыс түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп шикізатын толықмасштабты зерттеу мен стандартизациялауға арналған: олардың негізінде дәрілік заттарды тиісті фармацевтикалық жасау мен халықаралық GxP стандарттары талаптарының аясында толық циклды

өндірісін енгізу. Ғылыми зерттеулер С.Ж. Асфендиев атындағы ҚазҰМУ; ҚР Білім және ғылым Министрлігі ғылым Комитеті «Ботаника мен фитоинтродукция институты» РМК; Медицина университеті, Люблин қ., Польша; Үлттық фармацевтикалық университеті, Харьков қ., Украина базаларында орындалды. Өндіріс технологиясы мен сапасын бақылау әдістемелерінің апробациясы мен оларды жүзеге асыру «ХФЗ Красная звезда» ПАТ, Харьков қ., Украина және «ФитОлеум» ЖШС, Есік қ., ҚР кәсіпорындарына енгізілген.

Қазақстан фармацевтикалық нарығын шүйгіншөп пен сасықшөп негізіндегі седативті әсер ететін дәрілік препараттар сегменті бойынша талдау импорттәуелділікті көрсетті. 2012 ж. мен 2014 ж. арасындағы препараттар сатылымы көлемін зерттеу ақшалай және сандық түрде өсімді көрсетіп, тұтынушылардың седативті әсері бар өсімдік текті дәрілік препараттарға сұранысының артуын дәлелдеді және сәйкесінше отандық өндірістің перспективтілігі мен экономикалық тиімділігін көрсетті.

Әдеби мәліметтерді шолу мен Қазақстан флорасының нормативті-техникалық құжаттарын зерттеу нәтижесінде жүрек сасықшөбі *Leonurus cardiaca* L. мен бестемді сасықшөбі *Leonurus quinquelobatus* Gilib фармакопеялық түрлерінің республикамызда өспейтіндігі және импортты шикізат болып табылатындағы анықталды. *Valeriana* L. туыстыры қолданыстағы отандық шикізат базасымен қамтамасыз етілмеген.

Шүйгіншөптер *Valerianaceae* Batsch тұқымдастарының *Valeriana* L. туысына жататын қазақстандық түрлері мен сасықшөп (*Leonurus* L.) туысына жататын түрлерін зерттеу болашағын заманауи бағалау нәтижесінде түркістандық шүйгіншөп (*Valeriana turkestanica* Sumn) мен түркістандық сасықшөп (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian) өсімдік шикізаттарының қайта қалпына келтірілетін көздері ретінде ғылыми және тәжрибелік мәнге ие екені анықталды. Сондықтан түркістандық шүйгіншөп *Valeriana turkestanica* Sumn. пен түркістандық сасықшөпті *Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian өсіру импорталмастыру аясында отандық седативті, анксиолитикалық және стресс-протекторлы әсері бар фитопрепараттар өндірісі мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Өсімдік шикізатының тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет отандық фармацевтикалық кәсіпорындарда бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті тәжрибесін енгізуіндегі жалпы әдістері мен әдістемелері әзірленді. «ФитОлеум» ЖШС базасында түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөпті өсіру мен жинау технологиясы әзірленіп, енгізілді. Түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп мәдени тұрақты, вегетативті және тұқым арқылы көбейетіні тәжрибелік түрде анықталды. GACP принциптерін енгізу нәтижесінде құрамында берілген мөлшерде ББҚ бар өсімдіктерді алуға мүмкіндік беретін селекциялық материал алынды. Түркістандық сасықшөптің жер үсті бөліктерін дайындаудың тиімді мерзімі анықталды: бүрлену мен гүлдеу фазаларының басы, мамыр-маусым, түркістандық шүйгіншөптің жер асты бөліктері үшін: тамыз-қыркүйек.

Әзірленген өсіру мен жинау әдістемесін енгізу нәтижелері бойынша «ФитОлеум» ЖШС өндірістік базасында GACP талаптарына сай түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөпті өсіру мен жинау бойынша стандартты операциялық рәсімдер келісліп, бекітілді, енгізу акті № 1, 17.05.2015 ж.

Алғаш рет түркістандық сасықшөп шебінің толықмасштабты фармакогностикалық зерттеуі жаалды. Шикізат идентификация жүргізуге және шикізат сапасын дәлелдеуге арналған ерекше макроскопиялық және микроскопиялық белгілері анықталды. түркістандық сасықшөп шебі шикізатының фитохимиялық зерттеу нәтижесінде 16 қосылыс табылып, идентификацияланды: алғаш рет лавандулифолизид, вербаскозид, 3-О-кемферол рутинозид табылды. Алынған мәліметтер ерінгүлділер тұқымдасына (*Lamiaceae*) жататын түркістандық сасықшөп шебі (*Leonurus turkestanicus* V.I. Krecz&Kuprian) шикізатын стандартизациялауға пайдаланылды, «Түркістандық сасықшөп шебі» шикізатына сапа спецификациясы мен АНҚ әзірленді. Алғаш рет «Түркістандық сасықшөп шебі» дәрілік өсімдік шикізаты мемлекеттік тіркеуден өтті, медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау Комитетінің Бұйрығымен бекітілген ҚР ДСжӘДМ Тіркеу куәлігі № N003209, 29.07.2016 ж.

Алғаш рет түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтарының кешенді фармакогностикалық талдауы жасалды, идентификация жүргізуге және шикізат сапасын дәлелдеуге арналған макроскопиялық және микроскопиялық белгілері анықталды.

Алғаш рет түркістандық шүйгіншөптің жер асты бөліктерін дәрілік шүйгіншөппен салыстырмалы түрде фитохимиялық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде түркістандық шүйгіншөп құрамындағы биологиялық белсенді заттар (валерен қышқылы және оның туындылары) мөлшері фармакопеялық талаптарға сай, ал түркістандық шүйгіншөп құрамындағы ацетоксивалерен қышқылының мөлшері дәрілік шүйгіншөп құрамындағы мөлшерінен үш есе көп екені анықталды. Түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабағы шикізатына ҚР МФ талаптарына сай сапа критерийлері әзірленіп, стандартизациясы жүргізілді.

Түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп шикізатының сапасын бақылау әдістемелерін толық валидациялық бағалау нәтижесінде әдістемелер дұрыстыры мен жарамдылығы расталды.

Түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөптің өсірілетін түрлерін жабайы өсетін түрлерімен тұрақтылығын зерттеу аясында салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша, зерттеу мерзімі барысында салыстырылатын өсімдік түрлеріндегі ББҚ сапалық құрамы бірдей, ал түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөптің өсірілетін түрлеріндегі ББҚ сандық құрамы жабайы өсетін түрлерінен кем емес және регламенттелетін нормаларға сай. Нормативті құжаттар талаптары мен түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп қасиеттеріне сай биологиялық белсенді қосылыстардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін орам түрі мен сақтау шарттары ғылыми негізделген: түркістандық сасықшөп үшін

температура 25 °С-тан кем, түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтары үшін 18 °С-тан кем және салыстырмалы ылғалдылық 50 %-дан жоғары емес.

Экстрагирлеу технологиялық үрдісін тиімді басқару үшін түркістандық сасықшөп шебі мен түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтары шикізаттарының фармако-технологиялық параметрлері анықталған. Экстрактивті заттар шығымының шикізаттың майдалану деңгейіне тәуелділігін салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша, шикізаттың толық ылғалдануы мен экстрактивті заттардың тиімді шығымы үшін 3-5 мм бөлшектер өлшемі ең қолайлы болып табылады.

Өсімдік дәрілік шикізатынан биологиялық белсенді қосылыстарды экстрагирлеу технологиясының әдістемелік жолы теориялық негізделіп әзірленді. Экстракттар алудың әзірленген алгоритмінде алынатын биологиялық қосылыстардың экстрагент селективтілігі, фитохимиялық құрамы, шикізаттың фармако-технологиялық параметрлері мен экстрагирлеу әдістері сияқты физика-химиялық сипаттамаларына әсер ететін тұрақты да ауыспалы факторлары ескерілді. Мұның бәрі экстрагирлеу үрдісінің тиімділігі мен соңғы өнім сапасын қамтамасыз етеді.

Өсімдік дәрілік шикізаттары өндірісі барысындағы тәуекелдер талдауы жасалды, негізгі факторлар анықталды: бастапқы өсімдік шикізаты, технологиялық үрдіс, сапа бақылау, бөлмелер, құралдар, персонал. Тәуекелдердің азайту мақсатында дәрілік өсімдік шикізаттары негізіндегі препараттар: қосынды экстракттар мен экстракттары бар комбиниленген препараттарды фармацевтикалық жасаудың алгоритмі жасалды.

Анықталған тәуекелдерді ескере отырып әзірленген әдістеме негізінде түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп негізінде экстракттар алудың технологиясы жасалды. Дайын өнімдердің фармакопеялық талаптарға сау сапа көрсеткіштері анықталды, сапа спецификациялары мен АНҚ әзірленді.

Алынған түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп экстракттарының сипаттамаларын салыстыру мен үрдіс тиімділігі критерийлерін бағалау негізінде түркістандық сасықшөп үшін бөлшектеп мацерациялау әдісінің, түркістандық шүйгіншөп үшін перkolация әдісінің тиімділігі дәлелденді. Зерттеу жаңалығы № 1763 «Түркістандық шүйгіншөптен экстракт алу әдісі», Қазақстан Республикасы тиімді модельдердің Мемлекеттік реестрінде 04.10.2016 ж. тіркелген тиімді модельге патентімен дәлелденген.

Түркістандық сасықшөп пен түркістандық шүйгіншөп экстракттарын алу технологиялық үрдісінің валидациясы нәтижелері экстракттар алу технологиясының «ФитОлеум» ЖШС фармацевтикалық кәсіпорнында тәжрибелік-өнеркәсіптік жағдайға көшіру сәттілігін дәлелдеді, енгізу акті № 3, 30.10.2015 ж., енгізу акті № 4, 11.11.2015 ж.

Экстракттар тұрақтылығын зерттеу нәтижелері негізінде экстракттарды сақтау мерзімі мен шарттары анықталды - 15 °С температура мен 65 % аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта 24 ай. Зерттелген мерзім барысында

барлық сапа көрсеткіштері тұрақтылық спецификациясы талаптарына сай болды және регламенттелген шектен аспады.

Өткір және жеделдеу уыттылығын клиникаға дейінгі зерттеу нәтижесінде түркістандық шүйгіншөп пен түркістандық сасықшөп экстракттары уыттылығы аз (уыттылықтың V класы) қосылыстарға жататыны анықталды, бұл оларды жана дәрілік қалыптар жасауда белсенді фармацевтикалық субстанция ретінде қолдану мүмкіндігін дәлелдейді.

Еуропалық Кеңес сапа бойынша нұсқаулығы талаптары мен «Quality by design» тәсілдемесі негізінде «СЕДОКАПС» шартты атауымен капсулалардың құрамы мен тиімді технологиясы өзірленді, зерттеу жаңалығы өнертабысқа патент алуға № 2017/0363.1, 28.04.2017 ж. «Седативті әсерге ие дәрілік препарат» өтінішімен дәлелденді. Тәжрибелік мәліметтер белсенді және көмекші заттардың капсула құрамында пайдаланылу дұрыстылығын көрсетті, граммен:

*Белсенді заттар:*

Түркістандық сасықшөп экстракты, қою	0,050
Түркістандық шүйгіншөп экстракты, қою	0,030
Зизифора бунге экстракты, қою	0,020

*Көмекші заттар:*

Лактоза	0,136
Микрокристаллды целлюлоза	0,058
Магний стеараты	0,003
Каолин	0,003

ҚР МФ талаптарына сай «СЕДОКАПС» капсулаларының келесі көрсеткіштер бойынша: сипаттамасы, идентификация, орташа масса, ыдырағыштығы, ерігіштігі, сандық анықтау және микробиологиялық тазалығы бойынша стандартизация критерийлері өзірленіп, сапасы бағаланды. Әзірленген капсулалар регламенттегін нормаларға сай екені анықталды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде зертханалық және тәжрибелік-өнеркәсіптік регламенттер, сапа спецификациялары мен «СЕДОКАПС», капсулалар препаратына АНҚ өзірленді.

«ХФЗ «Красная звезда» КАҚ (Харьков, Украина) фармацевтикалық зауытында «СЕДОКАПС» шартты атауы бар капсулаларды алу технологиясы мен сапасын бақылау әдістемелері сынауды, сынау акті № б/н, 19.04.2017 ж.

«СЕДОКАПС» препаратының тұрақтылығын дәлелдеу және сақтау мерзімін анықтау мақсатында үш тәжрибелік-өнеркәсіптік сериясының негізгі сапа көрсеткіштері бойынша ұзақмерзімді сынамалары жүргізілді. Тұрақтылық сынаулары барысында температурасы  $25 \pm 2$  °C мен салыстырмалы ылғалдылығы  $65 \pm 5$  % жағдайында сапалық және сандық сипаттамалары регламенттерген нормалар шегінде болды.

«ФитОлеум» ЖШС базасында «СЕДОКАПС» шартты атауымен капсулаларының толық циклды өндірісін енгізууді экономикалық модельдеу жобаның экономикалық тиімділігі мен рентабельділігі 32% болғанда үш жылдағы өтелімділігін көрсетті.

Жүргізілген зерттеулер негізінде GxR тиісті тәжрибелері аясында өсімдік шикізатынан дәрілік препараттар өндірушілерге толық циклді өндіріс әдістемесі жасалып, "ФитОлеум" ЖШС базасына сәтті енгізілді, енгізу акті №7, 25.12.2017 ж.

Сонымен, қойылған мақсаттарды ретті шешу барысында алғаш рет GxR аясында отандық фитопрепараттарды толық циклді өндірісінің әдістемесі жасалды және тәжрибелік алынған түркістандық сасықшөп шебі мен түркістандық шүйгіншөп тамырлары мен тамыр сабақтары негізіде «СЕДОКАПС» капсулаларын тиісті жасаудың конструктивті шешімдері көрсетілген.

Өзіндік қалпына келтірілетін шикізат базасы негізінде қауіпсіз, бәсекеге қабілетті және импорталмастыруши дәрілік заттарды жасау және енгізу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2017-2021 ж. дәрілік заттармен қамтамасыз ету Ұлттық саясаты мен Стратегиялық жоспарының сәтті жүзеге асуына септігін тигізеді.